

*Осы жария офертаны (қызмет көрсету туралы шарт жасасу ұсынысын) қабылдау үшін, Сіз оферта мәтінімен мұқият танысуыңыз қажет.*

*Егер Сіз оның қандай да бір тармағымен келіспесеңіз, онда Сіз «Heart Center Foundation» қоғамдық қорымен осы офертаға сәйкес қызмет көрсету туралы шарт жасаса алмайсыз.*

## **ЖАРИЯ ОФЕРТА**

### **қызмет көрсету шартын жасасу туралы ұсыныс**

**Қазақстан Республикасы, Астана қаласы  
2026 жылғы 1 мамырдағы редакция**

«Heart Center Foundation» қоғамдық қоры (**жобаның атауы – hcf run jüregimniñ jeñiprazu 2026**), бұдан әрі – «Ұйымдастырушы», осы Офертаны толық және сөзсіз қабылдаған кез келген тұлғамен, бұдан әрі – «Қатысушы», төменде көрсетілген шарттарда Қызмет көрсету туралы Шарт жасасады.

Осы Шарт Ұйымдастырушының жария офертасы (қызмет көрсету туралы шарт жасасу жөніндегі жария ұсынысы) арқылы жасалатын ақылы қызмет көрсету туралы келісім болып табылады және Ұйымдастырушы мен Қатысушы арасында офертаны толық және сөзсіз қабылдау (акцепт) нәтижесінде туындайтын құқықтар мен міндеттерді реттейді. Бұдан әрі «Тараптар» деп аталады. Негізгі Шарттың мәтіні Ұйымдастырушының корпоративтік сайтында орналастырылған: <https://www.hcf.kz/> (бұдан әрі – Сайт).

#### **1. Шарттың мәні. Акцепт тәртібі**

1.1. Осы шарттың мәні – Ұйымдастырушы тарапынан 2026 жылғы 9 тамызда ұйымдастырылатын **jüregimniñ jeñiprazu 2026** жүгіріс марафонына (бұдан әрі – «Жүгіріс») қатысқысы келетін тұлғаға шараны ұйымдастыру және өткізу бойынша, сондай-ақ Қатысушы ретінде тіркеу қызметін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, қызметтер көрсету.

1.2. Жүгірістің сипаттамасы, мерзімі, негізгі ережелері мен қатысу шарттары Жүгірісті өткізу туралы Ережеде көрсетілген, ол <https://www.hcf.kz/> сайтында орналастырылған. Қатысушы тіркелу барысында бұл құжатпен танысуы тиіс.

1.3. Қатысушы тіркеу жарнасын (ары қарай - Старттық жарна) толық төлеген жағдайда тіркеуден сәтті өтті деп есептеледі.

Жарна мөлшері мен төлеу тәртібі Ұйымдастырушы Сайтында көрсетіледі.

Жарнаны төлеу мен тіркеу фактісі – осы жария офертаның шарттарын толық әрі сөзсіз қабылдауды білдіреді және Қатысушы мен Ұйымдастырушы арасында осы Шарт жасалғанын білдіреді.

Офертаны тек толық көлемде қабылдауға болады. Ішінара немесе өзгеше шарттармен акцепт рұқсат етілмейді.

1.4. Жарна басқа іс-шараға ауыстырылмайды, яғни төленген сома басқа іс-шараға қатысу құны ретінде есепке алынбайды.

1.5. Осы шартты қабылдай отырып, Қатысушы Жүгіріс барысында әдейі басқа қатысушыларға, Ұйымдастырушыға (оның қызметкерлеріне), демеушілерге немесе бөгде тұлғаларға және олардың мүлкіне зиян келтіруі мүмкін жағдайлар туғызбайтынын растайды.

1.6. Қатысушы өз денсаулығын өзі бақылауға және ұзақ физикалық жүктемелерге қарсы көрсетілімдер бар-жоғын анықтау үшін медициналық тексерістен өтуге міндетті.

1.7. Қатысушы өз денсаулығын үнемі тексеріп жүргенін, Жүгіріске қатысуға физикалық тұрғыдан жарамды екенін және ешқандай қарсы көрсетілімі жоқ екенін растайды. Қатысушы осы шартты қабылдай отырып:

1.7.1. Жүгіріс күніне дейін немесе сол күні денсаулығы нашарласа, қатысудан бас тартуға міндетті;

1.7.2. Жүгірістің күрделі екенін түсінеді және жарияланған қашықтықты еңсеру үшін жеткілікті тәжірибесі мен дайындығы бар екенін растайды;

1.7.3. Жүгіріс барысында денсаулығына зиян келуі мүмкін екенін түсінеді және мұндай жағдайда толық жауапкершілік өзіне жүктелетінін мойындайды;

1.7.4. Ұйымдастырушы Қатысушының қайтыс болуы, жарақат алуы, мүлкін жоғалтуы немесе бүлінуі, сондай-ақ Жүгіріс кезінде кез келген физикалық зиян үшін жауап бермейді және осы бағытта ешқандай талап қоймайтынын, сондай-ақ оның мұрагерлері мен қамқоршылары да талап етпейтінін растайды;

1.7.5. Қажет болған жағдайда оған алғашқы медициналық көмек көрсетілуіне қарсы еместігін білдіреді.

1.8. Қатысушы өзі және/немесе оның отбасы мүшелері тарапынан Жүгіріс ережелері бұзылған жағдайда, туындауы мүмкін барлық салдарға (денсаулыққа, мүлікке келтірілген зиян, қоғамдық тәртіптің бұзылуы және т.б.) толық жауапты екенін мойындайды. Егер Қатысушымен бірге бала қатысса, оның қауіпсіздігі үшін жауапкершілік ересек адамның мойнында болмақ.

## **2. Жеке деректерді жинау. Фото және бейнежазба жүргізу**

2.1. Ұйымдастырушы Жүгіріс барысында фото және бейнежазба жүргізеді. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 145-бабына және 15-бабының 8-тармағына сәйкес, спорттық іс-шараларды насихаттау, трансплантология мәселелерін түсіндіру және Ұйымдастырушының қызметін таныту мақсатында Қатысушы Ұйымдастырушыға келесі жағдайда өз келісімін береді:

2.1.1. Ұйымдастырушы және/немесе Ұйымдастырушының атынан және/немесе мүддесі үшін әрекет ететін үшінші тұлғалар Қатысушының Жүгіріс кезіндегі бейнесін (фотосурет және/немесе бейнежазба) түсіруге;

2.1.2. Қатысушының есімін пайдалануға, бейнесін жариялауға, көшіруге және таратуға, сондай-ақ Жүгіріс барысында алынған басқа да аудио-, фото-, бейнематериалдарды кез келген тәсілмен және кез келген құралмен, мерзімі мен аумағына шектеу қоймастан пайдалануға, сонымен қатар бұл материалдарды өңдеуге және үшінші тұлғаларға беруге құқылы. Қатысушы бұл келісімді өтеусіз, мерзімі шектеусіз негізде береді және кейін Ұйымдастырушыдан ешқандай өтемақы талап ете алмайды.

2.2. Осы шарттың талаптарын қабылдай отырып, Қатысушы Ұйымдастырушы Жүгіріс шарасын жария ету мақсатында кәсіби фотографтар мен бейнеоператорларды шақыра алатынын түсінеді және бұл үшін өз келісімін береді. Олар Жүгірістің өту барысын және қатысушыларды фотоға немесе бейнежазбаға түсіреді және осы материалдарды жеке фото/видео архивте сақтайды. Қатысушы бұл материалдарда өзінің бейнесі болуы мүмкін екенін түсінеді және Жүгіріс кезінде түсірілген суреттер мен бейнежазбаларды сол архивтерде пайдалануына келісімін береді.

Қалауы бойынша Қатысушы Жүгіріс кезінде түсірілген фото және/немесе бейнематериалдарды сол сурет пен видеоны түсірген тұлғалардан, яғни иелерінен, Ұйымдастырушының қатысуынсыз, өз бетінше ала алады.

Мұндай фото немесе видео материалдарды орналастыру, жою немесе пайдалану мәселелері бойынша сұрақтар тікелей сол материалдардың иелеріне жолдануы тиіс. Ұйымдастырушы бұл тұлғалардың әрекеттері үшін жауап бермейді.

2.3. Қатысушы өзіне қатысты толық әрі шынайы ақпарат ұсынуға жауапты.

2.4. Қатысушы Ұйымдастырушыдан немесе оның уәкілетті өкілінен қысқа мәтіндік хабарламалар (SMS) және/немесе электрондық пошта арқылы (e-mail) Жүгіріс туралы және соған байланысты ақпарат алуға қарсы емес.

2.5. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңының 7 және 8-баптарына сәйкес, Қатысушы Жүгіріске тіркеу формасын толтыра отырып және осы шартқа қосыла отырып, өзінің жеке деректерін жинауға және өңдеуге өз келісімін береді. Ұйымдастырушы <https://hcf.kz/> интернет-платформасының операторы болып табылады. Жеке деректерді өңдеу – жинау, сақтау, өзгерту, толықтыру, пайдалану, тарату, иесіздендіру, бұғаттау және жою әрекеттерін білдіреді.

Жеке деректерді өңдеу тек Қатысушыны Жүгіріске тіркеу және оған байланысты SMS немесе e-mail арқылы ақпарат жіберу мақсатында жүзеге асырылады.

Қатысушының жеке деректерді өңдеуге келісім берілген күні тіркеу формасын <https://hcf.kz/> сайты арқылы жіберілген күн болып есептеледі. Келісім 5 (бес) жыл мерзімге жарамды.

Қатысушы осы шарт талаптарын қабылдай отырып, Ұйымдастырушының ұйымдастыру комитетінің сұрауы бойынша жеке кабинетте көрсетілген деректерді растайтын құжаттарды (жеке басын куәландыратын құжаттың

көшірмесі, Жүгіріске қатысу туралы қолхаттың түпнұсқасы) ұсынуға келісім береді. Жеке деректерді өңдеуге берілген келісімді Қатысушы Ұйымдастырушының info@hcf.kz электрондық поштасына еркін түрде жазылған өтініш жіберу арқылы кері қайтарып ала алады.

### **3. Тараптардың жауапкершілігі**

3.1. Осы шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше сақтамағаны үшін Тараптар осы шарттың ережелері мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

3.2. Ұйымдастырушы (оның қызметкерлері) және/немесе оның атынан әрекет ететін үшінші тұлғалар Жүгіріс барысында Қатысушының өміріне, денсаулығына, мүлкіне келтірілген зиян үшін, сондай-ақ Қатысушының Ұйымдастырушы бекіткен Жүгіріс өткізу туралы Ережені, қауіпсіздік техникасын сақтамауы немесе денсаулығына байланысты шектеулер жөнінде тиісті ақпаратты ұсынбауы салдарынан болған кез келген шығындар үшін жауап бермейді.

3.3. Ұйымдастырушы (оның қызметкерлері) және/немесе тартылған үшінші тұлғалар Жүгіріс маршруты бойынша Қатысушының жеке мүлкін жоғалтуына жауап бермейді. Ұйымдастырушы осы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамаса әрі бұл форс-мажор жағдайларының салдарынан туындаса жауаптан босатылады. Форс-мажор жағдайларына Тараптар мыналарды жатқызады: табиғи апаттар (жер сілкінісі, су тасқыны, дауыл); желдің жылдамдығы секундына 15 метрден жоғары болған жағдайлар; Қазақстан Республикасы ТЖМ тарапынан төтенше жағдай ретінде танылған өзге де оқиғалар; өрт; жұқпалы аурулардың таралуы (эпидемия); мемлекеттік органдардың шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізу; ереуілдер; соғыс қимылдары, қақтығыстар, бүліктер; азаматтық толқулар; терроризм актілері, диверсиялар; көлік қозғалысына қойылған шектеулер; халықаралық санкциялар салдарынан сауда операцияларына, оның ішінде жекелеген елдермен тыйым салу; мемлекеттік немесе жергілікті билік органдарының актілері, әрекеттері немесе әрекетсіздігі; және Тараптардың еркінен тыс, олар ақылға қонымды шаралар қолдана отырып болжай алмайтын немесе алдын ала алмайтын кез келген басқа жағдайлар.

3.4. Жоғарыда аталған форс-мажор жағдайлары туындағанда немесе олардың туындау қаупі болған жағдайда, Жүгірістің тоқтатылуы туралы ақпарат Ұйымдастырушының сайтында жарияланады және/немесе Қатысушыға тіркелу кезінде көрсеткен телефон нөміріне SMS-хабарлама немесе электрондық поштасына хат арқылы жіберіледі.

3.5. Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде Тараптардың осы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі бұл жағдайлар мен олардың салдары жойылғанға дейін ұзартылуға жатады. Жүгіріске қатысу үшін төленген жарна автоматты түрде кейінгі мерзімге ауыстырылады. Нақты күні кейінірек хабарланады.

3.6. Форс-мажор жағдайының барын растайтын құжат ретінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы немесе ұйымы берген ресми құжат танылады.

3.7. Осы шартта көрсетілген форс-мажор жағдайлары 8 (сегіз) айдан астам уақыт бойы жалғасатын болса және осы себепті Жүгірістің жаңа өткізу күні белгілене алмаса, онда төленген жарна келесі жылы өтетін дәл сол іс-шараға қатысу жарнасы ретінде автоматты түрде ауыстырылады.

3.8. Қатысушы өз еркімен Жүгірістен бас тартқан жағдайда немесе оған қатыса алмайтын себептер Қатысушының өз кінәсінен болмаса да, Ұйымдастырушының кінәсі болмаған кезде, төленген Старттық жарна қайтарылмайды және ол осы шарт бойынша айыппұл санкциясы ретінде қарастырылады.

#### **4. Дауларды шешу тәртібі**

4.1. Осы шартқа қатысты қолданылатын құқық – Қазақстан Республикасының заңнамасы. Осы шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

4.2. Осы шарт бойынша туындайтын барлық келіспеушіліктер мен даулар Тараптар келіссөздер жүргізу арқылы шешуге ұмтылады. Талапты қарау мерзімі – талап түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн. Егер дауды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаса, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Ұйымдастырушы орналасқан жердегі сотта қаралады (Тараптар келісім бойынша соттылықты белгіледі).

#### **5. Шарттың қолданылу мерзімі және өзге де ережелер**

5.1. Осы шарт Қатысушы оны акцептеген сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін немесе шарт тоқтатылғанға дейін қолданыста болады.

5.2. Бұл шарт ашық және жалпыға қолжетімді құжат болып табылады және Ұйымдастырушының сайтында (<https://www.hcf.kz/>) жаңартылған редакцияны жариялау арқылы өзгертілуі мүмкін. Егер Қатысушы енгізілген өзгерістерге байланысты шартты бұзу туралы ұсыныспен Ұйымдастырушыға (немесе оның өкіліне) жүгінбесе, онда бұл өзгерістер Қатысушы тарапынан қабылданды деп есептеледі.

5.3. Бұл шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы шартта көзделген басқа да негіздер бойынша бұзылуы мүмкін.

5.4. Егер қандай да бір ереже Қазақстан Республикасының құзыретті сотымен жарамсыз немесе заңсыз деп танылса, онда бұл ереже (заңсыз немесе жарамсыз бөлігі) осы шарттан алынған деп есептеледі, бірақ бұл қалған ережелердің жарамсыздығына әсер етпейді – олар толық күшінде қалады.

#### **6. Ұйымдастырушының реквизиттері**

Заңды және нақты мекенжайы: Астана қаласы, Тұран даңғылы, 38

БСН: 161240007058

КБЕ: 18

Ағымдағы шоты (IBAN шоты): KZ2096503F0007548268

«ForteBank» АҚ-ның Астана қаласындағы филиалы

SWIFT-код: IRTYKZKA

Банктің БСН-і: 990841000632